«8D04203 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Әпсімет Нұрдәулет Мұхамедиярұлының «Онлайн алаяқтық қылмыстарын сотқа дейінгі тергеу: қазіргі заманғы мәселелер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертациялық жұмыс ғылымды дамытудың басым бағыттарына, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми жобаға және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. Диссертация Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі мемлекеттік бюджеттен қаржыландыратын AP26103625 «Deepfake-технологиялары мен әлеуметтік инженерия арқылы онлайн-алаяқтық: қылмыстық-құқықтық қарсы іс-қимыл мәселелері, заңнамалық реттеу келешегі» (2025-2027 жылдарға арналған) ғылыми жобасы аясында орындалған. Тақырып Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына (ұлттық және киберқауіпсіздік саласындағы зерттеулер) сәйкес келеді. Сонымен қатар зерттеу тақырыбы қолданыстағы стратегиялық мемлекеттік құжаттармен: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 1233 қаулысымен бекітілген Қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен әріптестік жасап қамтамасыз етудің 2024–2028 жылдарға арналған тұжырымдамасымен (құқық бұзушылық профилактикасы саласында), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысымен бекітілген 2023–2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 407 қаулысымен бекітілген Киберқауіпсіздік тұжырымдамасымен («Қазақстанның киберқалқаны») тікелей

			үндеседі. Тақырыптың мемлекеттік деңгейдегі өткірлігі Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2026 жылғы қаңтардағы елімізде әрбір бесінші онлайн алаяқтық қана ашылатыны туралы мәлімдемесімен айқындалады. Осылайша, диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларға толық сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы ашылған. Зерттеудің ғылыми маңызы гиперқұбылмалы цифрлық орта мен қылмыстық сот ісін жүргізудің дәстүрлі нысаны арасындағы тұжырымдамалық алшақтықты еңсеруге бағытталған тұтас теориялық-әдіснамалық және праксиологиялық негіздің әзірленуінде көрінеді. Автор онлайн алаяқтыққа кешенді қылмыстық-құқықтық және процестік-криминалистикалық сипаттама беріп, отандық қылмыстық процесс ғылымына бірқатар жаңа ғылыми санаттар мен авторлық тұжырымдамалар енгізген, сондай-ақ қазіргі Қазақстанның қылмыстық сот ісін жүргізу жүйесінде цифрлық дәлелдемелердің дербес орнын айқындаған. Зерттеу барысында қалыптастырылған теориялық тұжырымдар мен модельдер цифрлық криминалистика, қылмыстық процесс және цифрлық құқық салаларында ғылыми, педагогикалық қызмет пен әрі қарайғы ізденістер үшін берік теориялық база бола алады. Осылайша, диссертацияның ғылым үшін маңыздылығы толық ашылған деп бағаланады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық зерттеу жұмысының өзі жазу деңгейі жоғары. Зерттеу біртұтас авторлық стильде, логикалық жүйелілікпен және ішкі мазмұндық байланысы сақтала отырып жазылған, оның құрылымы (кіріспе, үш бөлім, он бөлімше, қорытынды) зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді әрі автордың ойлау желісінің дербестігін көрсетеді. Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері ізденушінің өз бетімен цифрлық криминалистика мен қылмыстық процестің теориялық дереккөздерін жинақтау, нормативтік құқықтық актілерге

			түсініктеме беру, отандық және шетелдік заңнаманы салыстыру, сондай-ақ сот практикасы мен статистикалық деректерді талдау негізінде қол жеткізілген. Зерттеу нәтижелері автордың дербес және бірлескен авторлықтағы ғылыми жарияланымдарында жүйелі түрде апробациядан өткен. Пайдаланылған дереккөздер тиісті сілтемелермен ресімделген, өзге авторлардың позициясы дұрыс дәйектелген. Бұл диссертациялық зерттеудің дербестіктің жоғары деңгейімен сипатталатынын көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген. Автор қоғамды жаһандық цифрландыру жағдайында мүліктік қылмыстардың виртуалды ортаға көшуін нақты статистикалық деректермен көрсетеді: тіркелген интернет-алаяқтықтың үлесі 2018 жылғы 1,8%-дан 2025 жылы 60,5%-ға дейін өсіп, мәселе ұлттық қатер сипатына ие болған, ал іс-әрекеттің қоғамдық қауіптілігі оның жоғары латенттілігімен (70%-ға дейін) және материалдық залалды өтеудің төмен деңгейімен (6,3%-дан аспайтын) ушыға түседі. Тақырыптың өткірлігі консервативті қылмыстық-процестік заңнаманың технологиялық шынайылықтан артта қалуымен, ҚР ҚПК-де «цифрлық дәлелдеменің» заңдық дефициясының болмауымен және кибержымқыруларды тергеп-тексерудегі институционалдық салдану феноменімен объективті түрде дәйектелген. Автор мәселенің өзектілігін өз ізденісінде толық негіздей білген.
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация мазмұны оның тақырыбын толығымен айқындайды. Жұмыс кіріспеден, өзара логикалық байланыстағы үш бөлімнен (он бөлімше), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бірінші бөлім онлайн алаяқтықты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің теориялық-құқықтық негіздеріне, екінші бөлім қазіргі кезеңдегі негізгі мәселелер мен ерекшеліктерге (тергеп-тексеруді бастау, цифрлық дәлелдемелерді жинау, трансшекаралық сипат, коллизиялар), үшінші бөлім тергеп-тексеруді жетілдірудің тұжырымдамалық бағыттарына арналған. Бөлімдердің мазмұны бір-бірімен
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	

			логикалық байланыста және зерттеу тақырыбының мәнін толық ашуға бағытталған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: **1) сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері оның тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты – жаһандық цифрландыру жағдайындағы онлайн алаяқтықты сотқа дейінгі тергеп-тексеру тетігін кешенді теориялық-құқықтық, криминалистикалық және праксиологиялық талдау арқылы инновациялық артефактіге бағдарланған қылмыстық сот ісін жүргізу моделін құрастыру және заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу. Осы мақсатқа жету үшін автор онлайн алаяқтықтың теориялық негіздері мен генезисін ашу, көпфакторлы жіктеу моделін әзірлеу, салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу, тергеп-тексеруді бастау сатысын және цифрлық дәлелдемелермен жұмыс кедергілерін бағалау, трансшекаралық табиғатты зерделеу және заңнаманы жетілдіру мәселелерін айқындау сияқты өзара логикалық байланысты міндеттерді нақты қойған. Қойылған міндеттер тақырыпқа толық сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: **1) толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық толық байланысқан. Жұмыс теориялық негіздерден (генезис, ұғым, жіктеу) қазіргі кезеңдегі құқық қолдану мәселелерін талдауға, одан әрі оларды шешудің тұжырымдамалық бағыттары мен нақты заңнамалық ұсыныстарға дәйекті түрде өрбиді. Әр бөлім алдыңғысының жалғасы ретінде дамып, зерттеу мақсатына жүйелі түрде жетуге бағытталған: бірінші бөлімде негізделген теориялық тұжырымдар екінші бөлімдегі проблемаларды диагностикалауға, ал олар үшінші бөлімдегі авторлық шешімдерге негіз болады. Мұндай құрылым жұмыстың тұтастығын, ғылыми дәлдік пен қисындылықты қамтамасыз етеді.

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор ұсынған жаңа ғылыми тұжырымдар, қағидаттар мен әдістер тиісті дәрежеде негізделіп, ғылыми дәлелдермен бекітілген – жұмыста сыни талдау бар. Автор іс-әрекетті саралаудың технологиялық, объектілік және формальды-құқықтық тәсілдерін салыстыра отырып, романо-германдық және ағылшын-саксондық құқықтық отбасылардың киберқылмыстарды саралауға тұжырымдамалық тәсілдерін салғастырады. Ұсынылған артефактіге бағдарланған модель ескірген субъектіге бағдарланған парадигмамен салыстырыла бағаланып, оның артықшылығы дәйектеледі. Автор отандық және шетелдік ғалымдардың позицияларын сыни тұрғыдан талдап, өзінің тұжырымдарын дербес пікірі негізінде дәйектейді.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Зерттеу барысында қол жеткізілген ғылыми нәтижелер мен ережелер толығымен жаңа болып табылады. Отандық қылмыстық процесс ғылымында алғаш рет ғылыми айналымға «цифрлық децепция» ұғымы енгізіліп, онлайн алаяқтық генезисінің үш кезеңдік эволюциялық моделі негізделген. Виртуалды деректерді физикалық жеткізгішке архаикалық байлаудан бас тартуды қамтамасыз ететін «цифрлық дәлелдеменің» дербес авторлық дефинициясы алғаш рет ұсынылған. Сотқа дейінгі іс жүргізудің жүйелі салдануын түсіндіретін құқық қолданудағы «цифрлық нигилизм» және «технологиялық ұсталмаушылық» деструктивті феномендері, сондай-ақ микрокредиттік жымқырулардың «аномальді триада» (қос объектілік) тұжырымдамасы алғаш рет тұжырымдамаланған. Аталған нәтижелер отандық ғылымда бұрын жүйелі түрде зерттелмеген, сондықтан толығымен жаңа деп бағаланады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияда автор жасаған қорытындылар толығымен жаңа болып табылады. Олар қылмыстық процестің дәстүрлі субъектіге бағдарланған логикасынан инновациялық артефактіге бағдарланған моделге парадигмалық көшу қажеттілігі туралы, цифрлық артефактіні
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			деанонимизациялаудың бастапқы дереккөзі ретінде қараудың процестік басымдығы туралы негізделген тұжырымдарға сүйенеді. Қорытындылар қаржы институтын бастапқы жәбірленуші деп тану, кибержымқырулардың сатылылығын ресми соттық түсіндіру деңгейінде регламенттеу және цифрлық дәлелдемелерді заңдастыру бөлігінде нақты ұсыныстармен нақтыланады. Бұл жаңалықтар теориялық көзқарастарды сын елегінен өткізу мен қалыптасқан құқық қолдану практикасын терең талдау нәтижесінде туындаған әрі авторлық сипатқа ие.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда ұсынылған ұйымдастырушылық-басқару және процестік-технологиялық шешімдер толығымен жаңа әрі негізделген болып табылады. Автор сотқа дейінгі тергеп-тексерудің превентивті, инициациялық, артефактілік, атрибуттық және жолын кесушілік деңгейлерін біріктіретін бес деңгейлі интегративті архитектурасын, гиперқұбылмалы іздерді дереу криптографиялық бекітуді талап ететін шұғыл «72 сағат» алгоритмін, сондай-ақ тергеу аппаратын банктік антифрод-жүйелермен интеграциялауды қамтамасыз ететін құқықтық конвергенцияның гибридті платформалық моделін ұсынған. Аталған шешімдер нақты нормативтік негізбен (ҚР ҚПК-нің 7, 112, 118, 131, 55, 193-баптарына, ҚР ҚК-нің 190-бабына толықтырулар) сүйеніп дәйектелген және киберқылмыспен күрес әдістерін қайта қарау жөніндегі мемлекеттің стратегиялық міндетіне тікелей жауап береді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Автордың тұжырымдары нақты эмпирикалық базаға сүйенеді: 2020–2026 жылдар аралығында онлайн алаяқтық туралы қылмыстық істер бойынша Қазақстан Республикасы соттары шығарған 127 сот үкімі жүйелі түрде зерделенген, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 2018–2026 жылдарға арналған жиынтық статистикалық деректері (№1-М нысаны) талданған.

			Қорытындылардың негізділігі, сонымен қатар, қолданыстағы ұлттық заңнаманы (ҚР Конституциясы, ҚР ҚК, ҚР ҚПК және сабақтас заңнама) формальды-құқықтық талдаумен, халықаралық-құқықтық актілерді (2001 жылғы Киберқылмыс туралы Еуропа Кеңесінің конвенциясы, БҰҰ конвенциясы) және шетелдік тәжірибені салыстырмалы-құқықтық зерделеумен қамтамасыз етілген. Бұл автордың зерттеу нәтижесінде алған тұжырымдамалары мен модельдерінің ғылыми негізділігі мен сенімділігін растайды.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; **2) жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? **1) ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа;	**1-тұжырым.** Цифрлық технологияларды енгізу пайдакүнемдік қол сұғушылықтар тетігіндегі сандық өсуге емес, іргелі сапалық ауысуға әкелгені авторлық үш кезеңдік эволюциялық модельмен (пайда болу, қалыптасу, институционалдану кезеңдері) дәлелденді. Осы феноменді дәл доктриналық бейнелеу үшін объективті шынайылықты контактілі бұрмалаудан алдаудың қашықтан-виртуалды тетігіне көшуді білдіретін «цифрлық децепция» ұғымы енгізілді. Тұжырым нақты статистикалық динамикаға және теориялық талдауға сүйеніп негізделген. 7.1 – 1) дәлелденді; 7.2 – 2) жоқ; 7.3 – 1) ия; 7.4 – 3) кең; 7.5 – 1) ия. **2-тұжырым.** Гибридті криминалдық феномен ретіндегі онлайн алаяқтықтың біріздендірілген ұғымы тұжырымдалып, тиісті қылмыстық-процестік саралауды қамтамасыз ету мақсатында технологиялық, объектілік, құрылымдық және трасологиялық өлшемшарттарды біріктіретін көпфакторлы жіктеме әзірленді. Жіктеу құрылымына алғаш рет сотқа дейінгі іс жүргізудің тактикалық-ұйымдастырушылық алгоритмдерін таңдауды

		3) кең	айқындайтын «тергеп-тексерудің процестік күрделілігі» (төмен, орташа, жоғары) өлшемшарты кіріктірілді. 7.1 – 1) дәлелденді; 7.2 – 2) жоқ; 7.3 – 1) ия; 7.4 – 3) кең; 7.5 – 1) ия. **3-тұжырым.** Микрокредиттеу саласындағы онлайн алаяқтық қос объектілілікпен сипатталатыны негізделді: тікелей мүліктік залал қаржы ұйымына, ал қосымша ақпараттық зиян деректері компрометацияланған жеке тұлғаға келтіріледі. Қаржы институты бастапқы жәбірленуші болып табылатыны дәлелденіп, ҚР ҚК-нің 190-бабы 2-бөлігін «қаржы ұйымының ақпараттық жүйесіне көрінеу жалған компьютерлік деректерді енгізу арқылы жымқыру» деген арнайы саралаушы белгімен толықтыру, сондай-ақ ҚР Жоғары Сотының 2017 жылғы 29 маусымдағы №6 нормативтік қаулысын кибержымқырулардың сатылылығы бойынша толықтыру ұсынылды. 7.1 – 1) дәлелденді; 7.2 – 2) жоқ; 7.3 – 1) ия; 7.4 – 3) кең; 7.5 – 1) ия. **4-тұжырым.** Қаржы институтын бастапқы жәбірленуші ретінде тану тұжырымдамасын процестік тұрғыдан іске асыру мақсатында, дербес деректері заңсыз пайдаланылған жеке тұлғалардың құқықтарын сотқа дейін қалпына келтіру тетігі әзірленді. Атап айтқанда, ҚР ҚПК-нің 193-бабын 19-1-бөлікпен және 55-бабының 2-бөлігін 5-1-тармақпен толықтыру арқылы прокурорға тергеу сотына тиісті өтінішхат енгізу және несие
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

			рәсімделген тұлғалардан несиелік шығындарды алып тастау мәселесін қарау өкілеттігін беру ұсынылды. 7.1 – 1) дәлелденді; 7.2 – 2) жоқ; 7.3 – 1) ия; 7.4 – 3) кең; 7.5 – 1) ия. **5-тұжырым.** Қылмыстық процестің дәстүрлі субъектіге бағдарланған логикасынан инновациялық артефактіге бағдарланған модельге парадигмалық көшудің объективті қажеттілігі негізделді. Бұл тұжырымдама цифрлық артефактіні кейінгі деанонимизациялау үшін баламасыз бастапқы дереккөз ретінде қарастыра отырып, кінәлі адамды жедел дербестендіру әрекеттерінен гөрі гиперқұбылмалы цифрлық іздерді дереу криптографиялық тіркеп-белгілеудің абсолютті процестік басымдығын белгілейді. 7.1 – 1) дәлелденді; 7.2 – 2) жоқ; 7.3 – 1) ия; 7.4 – 3) кең; 7.5 – 1) ия. **6-тұжырым.** Виртуалды деректерді физикалық жеткізгішке архаикалық процестік байлаудан бас тартуды қамтамасыз ететін «цифрлық дәлелдеменің» авторлық анықтамасы тұжырымдалды. Деректердің өмір сүру жылдамдығы мен тергеудің инерттілігі арасындағы асимметрияны түсіндіретін «цифрлық іздердің жеделдетілген деградациясы» криминалистикалық тұжырымдамасы мен құқық қолданудағы «цифрлық нигилизм» деструктивті феномені негізделді. Тұжырымдамаңы институционалдау мақсатында ҚР ҚПК-нің 7, 112 және 118-баптарына өзгерістер кешені әзірленді.

			7.1 – 1) дәлелденді; 7.2 – 2) жоқ; 7.3 – 1) ия; 7.4 – 3) кең; 7.5 – 1) ия. **7-тұжырым.** Превентивті, инициациялық, артефактілік, атрибуттық және жолын кесушілік деңгейлерін ажырамас түрде біріктіретін тергеп-тексерудің авторлық бес деңгейлі интегративті архитектурасы ұсынылды. Оны іске асыру үшін гиперқұбылмалы іздерді дереу криптографиялық бекітудің императивті хронологиялық сүзгісі ретінде шұғыл «72 сағат» алгоритмі негізделіп, ҚР ҚПК-нің 131-бабының 4-бөлігін ұстап алудың жаңа негізімен толықтыру ұсынылды. 7.1 – 1) дәлелденді; 7.2 – 2) жоқ; 7.3 – 1) ия; 7.4 – 3) кең; 7.5 – 1) ия.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Әдіснаманы таңдау негізделген және әдіснама нақты жазылған. Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізі кіріспеде егжей-тегжейлі баяндалған. Жұмыстың әдіснамалық негізін ғылыми танымның жалпыға бірдей диалектикалық әдісі құрайды. Зерттеу барысында жалпы ғылыми (талдау мен синтез, жүйелі-құрылымдық тәсіл) және арнайы заңдық әдістер: тарихи-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық (компаративистік), формальды-құқықтық (догматикалық), сондай-ақ статистикалық және криминологиялық әдістер кешенді түрде қолданылған. Таңдалған әдістер зерттеу нысаны мен пәніне сәйкес келеді әрі теориялық тұжырымдар мен практикалық ұсынымдардың дәйектілігін қамтамасыз етеді.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия;**	
		2) жоқ.	

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Зерттеу нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін, соның ішінде деректерді өңдеу мен интерпретациялаудың заманауи тәсілдерін қолдану арқылы алынған. Автор құқықтық ақпараттық жүйелерді (Adilet.zan.kz, «Параграф» сынды нормативтік құқықтық актілердің ақпараттық-құқықтық жүйелері) және сот актілерінің ашық базасын (office.sud.kz) пайдаланып, статистикалық және сот практикасы деректерін жүйелеу мен салыстырмалы талдауды заманауи ғылыми талаптарға сай жүзеге асырған. Бұл зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен сенімділігін арттырады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Зерттеудің құқықтану саласындағы теориялық-құқықтық сипатына байланысты теориялық қорытындылар, модельдер мен анықталған өзара байланыстар эксперименттік зерттеулерді талап етпейді, сондықтан эксперименттік зерттеулер жүргізілмеді. Теориялық тұжырымдар мен модельдер сот практикасы мен статистикалық деректерді талдау және автордың ғылыми жарияланымдарында апробациялау негізінде расталған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған**/ішінара расталған/расталмаған.	Диссертациялық жұмыстағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге, нормативтік құқықтық актілерге және статистикалық деректерге сілтемелер жасау арқылы расталған. Автор отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне, халықаралық-құқықтық актілерге дәйекті түрде сілтеме жасай отырып, тұжырымдарын негіздейді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Автор зерттеу тақырыбы бойынша 182 дереккөзді – заманауи ғылыми монографиялар мен мақалаларды, нормативтік құқықтық актілерді, сот үкімдерін және халықаралық-құқықтық актілерді қоса алғанда – пайдаланып, тақырыпты терең әрі жан-жақты қамтығанын көрсетеді.
9		9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Жұмыстың теориялық құндылығы онда цифрландыру жағдайындағы онлайн
		1) бар;	

	Практикалық құндылық қағидаты	2) жоқ.	алаяқтыққа кешенді қылмыстық-құқықтық және процестік-криминалистикалық сипаттаманың берілуінде, тергеп-тексерудің инновациялық «артефактіге бағдарланған» моделінің ұсынылуында және қазіргі Қазақстанның қылмыстық сот ісін жүргізу жүйесіндегі цифрлық дәлелдемелердің дербес орнының айқындалуында жатыр. Ғылыми тұжырымдарды заң мамандықтарының ғылыми қызметкерлері, магистранттары мен докторанттары ғылыми, педагогикалық қызмет және цифрлық криминалистика саласындағы одан әрі әзірлемелер үшін пайдалана алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Зерттеудің практикалық маңызы кибержымқыруларға қарсы іс-қимылдың мемлекеттік қылмыстық-процестік тетігін, оның интегративті бес деңгейлі құрылымын және функционалдық мазмұнын (банктік антифрод-жүйелермен өзара іс-қимыл алгоритмдерін қоса алғанда) жетілдіру жөніндегі ұсыныстардың мазмұнында. Ұсынымдарды заң шығарушы және құқық қолданушы органдар цифрлық қылмыстылықтың тиімді жолын кесу мақсатында Қазақстан Республикасының қылмыстық, қылмыстық-процестік және цифрлық құқығын одан әрі дамыту үшін пайдалана алады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертацияда ұсынылған практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Автор ҚР ҚК-нің 190-бабына, ҚР ҚПК-нің 7, 55, 112, 118, 131 және 193-баптарына, сондай-ақ ҚР Жоғары Сотының нормативтік қаулысына нақты әрі бұрын ұсынылмаған толықтырулар мен өзгерістер әзірлеген. Шұғыл «72 сағат» алгоритмі, тергеу аппаратын банктік антифрод-жүйелермен интеграциялау және цифрлық дәлелдемелерді заңдастыру тетіктері отандық құқық қолдану практикасы үшін жаңа әрі қолданбалы шешімдер болып табылады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертациялық жұмыс ғылыми стильде, нақты дерек-дәйектерді талдауға негізделген тұжырымдар жасай отырып жазылған. Автор тараулардың өзара байланысын, жүйелілігі мен бірізділігін сақтай отырып,
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	

		4) төмен.	материалды логикалық түрде құрылымдайды әрі бөлімдер арасында айқын мазмұндық байланыс орнатады. Жұмыстың тілі нақты, ғылыми терминология орынды қолданылған. Диссертация белгіленген стандарттардың талаптарына сәйкес рәсімделген.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыс жоғары ғылыми-теориялық деңгейде орындалып, оған қойылатын талаптарға толық жауап бергенімен, талқылау тәртібінде мынадай ескертулер мен ұсыныстарды атап өткен жөн: 1. Онлайн алаяқтық қылмыстарын сотқа дейінгі тергеп-тексеру мәселелерін қарастыруда автор шетелдік тәжірибеге сүйенген, алайда трансшекаралық киберқылмысқа қарсы іс-қимыл аясында халықаралық ынтымақтастықтың практикалық үлгілеріне тереңірек тоқталғанда, зерттеудің қолданбалы құндылығы арта түсер еді; 2. Диссертацияда ұсынылған заңнамалық жаңашылдықтарды енгізудің болашақ келешегіне цифрландыру мен жасанды интеллект технологияларын дамыту тенденциялары тұрғысынан назар аудару орынды болар еді. Аталған ескертулер ұсыныс сипатына ие және диссертациялық жұмыстың жалпы оң бағасына, оның ғылыми-теориялық және практикалық құндылығына ешбір кері әсер етпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер		Зерттеу нәтижелері бойынша барлығы 15 ғылыми мақала жарияланған. Атап айтқанда, Scopus дерекқорына кіретін ғылыми журналдарда – 2, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 8, сондай-ақ алыс шетелде және Қазақстан аумағында өткізілген халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдар жинақтарында – 5 жарияланым жарық көрді. Жарияланған мақалаларда автор диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдарын толық көрсете алған, ғылыми тереңдікті танытқан, сондай-ақ онлайн алаяқтықты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің теориялық және

	докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		қолданбалы қырларын жан-жақты ашқан. Жарияланымдар академиялық стандарттарға сәйкес дайындалған және зерттеу тақырыбы бойынша дербес ғылыми зерттеу деңгейінің жоғары екенін растайды.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D04203 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Әпсімет Нұрдәулет Мұхамедияруұлының «Онлайн алаяқтық қылмыстарын сотқа дейінгі тергеу: қазіргі заманғы мәселелер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы концептуалдық тұтастығымен, теориялық талдаудың тереңдігімен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Жұмыс ғылыми-теориялық базамен үйлестірілген, жоғары кәсіби деңгейде жазылған зерттеу болып табылады, ал диссертациялық зерттеудегі қорытындылар мен ұсыныстар теориялық және тәжірибелік тұрғыдан негізді. Диссертация философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған ғылыми-біліктілік жұмыстарына қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келеді. Осы негізде, Әпсімет Нұрдәулет Мұхамедияруұлының диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, оны философия докторы (PhD) дәрежесін беру жөніндегі талаптарға сәйкес деп есептеймін және «8D04203 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайық деп бағалаймын.

Ресми рецензент:

заң ғылымдарының докторы, «Narxoz» университеті
Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің профессоры **Алибаева Г.А.**